

УДК 312(574.54)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КҮНДЕГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫ

А.Т.Саулембаев, Г.А.Абдукаримова, Б.Тасболат
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазақстанның бұрыннан халқы жөнінен ең тығыз қоныстанған аймақтарының бірі болып саналып келген. Облыс аумағының жер көлемі 117,3 мың км², территориясы солтүстіктен оңтүстікке қарай 600 км-ге, батыстан шығысқа қарай 400 км-ге созылып кең аумақты алып жатқан өңір. Облыс 4 қалалық әкімшілік пен 11 аудандардан тұрады. Халқының саны мен ұлттық құрамы жағынан республика бойынша ең тығыз және алуан түрлілігімен сипатталады. 2004 жылдың басында статистикалық мәліметтер бойынша облыс аумағында 2150,3 мың адам тұрады, соның ішінде 61,5 % -ын құрайтын немесе халықтың 1323,5 мың тұрғыны қазақ ұлтынан құралған[1]. Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы 1 км² -ға 18,33 адамнан. Біздің аймақ республика бойынша қазақ ұлты ең көп қоныстанған мекен болып келеді.

1990-шы жылдардың басында облыстың халқы біршама төмендеді, оған себеп басқа ұлт өкілдерінің туған атамекендеріне көшу болды. Атап айтқанда 1999 жылдан 2003 жыл аралығына шейін облыс аумағынан 167561 адам басқа жақа қоныс аударған, соның ішінде: ТМД елдерінен тыс жерге кеткендер 2697 адам, ТМД елдеріне 21820 адам, облысаралық 56863 адам, халықаралық көші-қон бойынша 24517 адам. Сонымен қоса осы жылдары облысқа Қазақстанның басқа аймақтары мен шет елдердегі қандастарымыздың қоныстану көрсеткіші жоғарылай бастады. Соның есебінен облыста қазақ ұлтының үлес салмағы артты. 1999-2003 жылдар аралығында көшіп келгендер саны 176368 адам, соның ішінде: ТМД елдерінен тыс жерлерден 2745 адам, ТМД елдерінен 54159 адам, облысаралық 33283 адам, халықаралық көші-қон бойынша 56904 адам[2]. Халық көбіне Моңғолия, Қытай Түркия, Өзбекстаннан келуде. Көші-қон айырмасының абсолюттік ауытқуы 1999-2003 жылдары 8807 адамды (оң) құрады. 1990-шы жылдардың орта шенінен бастап, туу көрсеткіші жоғарылады, бұл көбіне ауылда

тұратын тұрғындар есебінен және қазақтар және мұсылман халықтары көп аудандардың үлесіне тиді. 1993-2003 жылдар аралығында туылған сәбилердің 71,2 % немесе 388,1 мың сәбилер – қазақтар. Туу коэффициенті 1993-2003 аралығында біршама төмендеді. Егер 1993 жылы 1000 адамға шаққанда - 29,6 адамнан келсе, 2003 жылы – 24,0 адамға дейін азайды. Туу көрсеткіші ең жоғарғы аудандар Сарыағаш, Сайрам, Мақтаарал, өңірлері мен Түркістан және Шымкент қаласы. Алайда республиканы тұтас алғанда бұл көрсеткіш жоғары күйінде қалып отыр. Өлім көрсеткіші 1000 адамға шаққанда – 7,2 адам болды.

Облыс халқының соңғы он жыл ішінде денсаулық сақтауының көрсеткіші де төмен болып жатыр. Әсіресе, ауылда тұратындардың арасында әртүрлі ауруларға шалдығулар көбейген, оған себеп ауылдағы әлеуметтік сақтандыру шараларының төмендігі, ауыз су проблемалары және дәрігерлік көмек көрсету пункттерінің азаюы себепші болды. жалпы өлім санының 52,8 %-ы ауыл тұрғындарына тиесілі.

2000 жылдан бері әлеуметтік сала деңгейінің көтерілуіне байланысты демографиялық көрсеткіштер оңды нәтиже беруде. 1000 туылған нәрестеге 1993 жылы - 29,6 өлім тіркелсе, 2003 жылдары -15,3-ке дейін түсті. 1993 жылдан 2003 жылға дейін облыс бойынша 154,3 мың неке тіркелді, оның 96,7 мың (62,7 %) ауылдық жерде некелескендер. негізінен некеге тұру 20-29 жас аралығындағы азаматтардың арасында басымырақ болуда. Аумаққа қарай бөлгенде, бұл кезеңде ең аз некелесу – 4,3 мың көрсеткішпен (оның жалпы санының 2,8 %) Арыс қалалық әкімшілігінде тіркелген болса, некелесудің көбірек саны – 30,9 мың (20,0 %) көрсеткішпен Шымкент қалалық әкімшілігіне тән болды. [2] облысты тұтас алғанда, некелесудің жалпы коэффициенті халықтың 1000 адамына шаққанда 1993 жылғы – 9,7 –ден 2003 жылы – 7,6-ға дейін кеміді. 1993-2003 жылдары 24,6 мың ажырасу тіркелді, оның 18,5 мыңы (75,3 %) – қалалық елді – мекендерде тіркелді. Ажырасудың жалпы коэффициенті халықтың әр 1000 адамына шаққанда 1993 жылғы - 5-тен 2003 жылы – 1,0-ге дейін кеміді. [3] Облыстың барлық аудандарында халықтың жалпы өсімі жоғарылады, оған себепші болған факторлар адамдардың облыстан тыс жерлерге көшуі азайып, облысқа келгендер саны артуда және табиғи өсу деңгейі де көтеріліп, 1993 жылдың деңгейіне жетуде.

Облыстың барлық аудандары мен қалалық әкімшіліктерінде халықтың жалпы өсімінің артқандығы байқалды. 2003 жылы облыста барлық халықтың жалпы өсімі 38,4 мың адамды құрады.

Облыс халқының ұлттық құрамына өте күрделі болып табылады. Бұл өңірде 100-ден астам ұлт өкілдері бір-бірімен жақсы қарым-қатынас жасай отырып өмір сүріп жатыр. Солардың ішінде сан жағынан ең кең тараған ұлттар: қазақтар, өзбектер, орыстар, әзербайжандар, тәжіктер, татарлар, түріктер, украиндар, кәрістер, күрдтер, немістер және басқа да ұлт өкілдері.

Ұлт өкілдерінің облыс территориясында орналасуы әркелкі болып келеді. Оған әсер ететін негізгі факторлар: белгілі бір аймақтың қалыптасқан шаруашылық саласы, ауыл немесе қалалық жер болуы, жергілікті жердің климаттық жағдайлары (егін немесе мал шаруашылығына қолайлылығы, өндірістің дамуына әсер ететін жергілікті факторлар) және тағы басқа себептер септігін тигізеді. Мысалы, өзбектер көбіне сауда-саттық пен егіншілік шаруашылығымен айналысады. Егер облыс аумағына қарайтын болсақ, олар Шымкент қаласы мен Сайрам, Төле би аудандарында, Түркістан қалалық әкімшілік аумағында, яғни жоғарыда аталған кәсіптің дамыған орталықтарында шоғырланған. 1993 жылғы мәліметтермен салыстырғанда едәуір өзгерістер бар.

Демографиялық жағынан 1993 жылмен салыстырғанда 2003 жылы әр ұлт бойынша туылғандар саны төмен болып отыр. Тек қырғыз және тәжік ұлттары арасында оң сальдо бар. Халықтың механикалық (миграция) көбеюі қазақтар арасында күшті байқалады, славян халықтарының эмиграциясы 1993 жылмен салыстырғанда біраз бәсеңдеді. Облыстан 1993-1997 жыл аралығына дейін халықтың облыстан тыс жерлерге көшу процесі қарқынды болды, 1997-2002 жылдары кері құбылыстар байқалды. Оған өз септігін облыстағы әлеуметтік жағдайдың біршама көтерілгендігі әсерін тигізді. Облыс экономикасы қарқындап өсуіне байланысты тұрғындардың әл-ауқаты да көтерілді. Азаматтарға тегін дәрігерлік көмек көрсету, ауылдарда әлеуметтік жағдайды жақсарту, инфрақұрылымдарды жаңарту іс-шаралары іске асуда. Ал оның барлығы облыстағы адамдардың демографиялық жағдайына тікелей әсер теуші ең басты факторлар болып саналады. Сол себептен азаматтардың хал-ахуалы көтерілген сайын

оның сандық және сапалық критерийлер де өседі. Үкіметтің жастардың өмірін жақсарту саясаты елдің халқының санын көбейтуге бағытталып отыр. Сол себептен облысымызда жас жандуларға көмек көрсету, туылған балаға бір реттік жәрдем ақы берілуі, көп балалы аналарға үкімет тарапынан жеңілдіктер жасау, ипотечалық несиелер беру және сол сияқты шаралар облыста жақсы атқарылып жүр. Денсаулық сақтау саласындағы ілгерілеу нәтижесінде нарестелер арасындағы өлім біршама азайды.

	Аумағы, мың шаршы км.	Халық саны. 2004 ж бойынша. Мың адам.	1 шаршы км-ге шаққандағы тығыздығы
Облыс бойынша	117,3	2150,3	18,3
Шымкент к.э.	0,3	513,1	1710,3
Арыс к.э.	6,3	62,2	9,9
Кентау к.э.	0,6	80,6	134,3
Түркістан к.э.	7,4	181,3	24,5
Бәйдібек ауданы	7,2	52,4	7,3
Қазығұрт ауданы	4,1	94,4	23,0
Мақтаарал ауданы	1,8	254,2	141,3
Ордабасы ауданы	2,7	83,3	30,9
Отырар ауданы	18,1	55,2	3,0
Сайрам ауданы	1,7	229,8	135,2
Сарыағаш ауданы	7,7	226,7	29,4
Созак ауданы	41,0	49,8	1,2
Төлеби ауданы	3,1	107,2	34,6
Түлкібас ауданы	2,3	90,0	39,1
Шардара ауданы	13,0	70,0	5,4

2004 жылдың басына негізгі ұлты бойынша облыс халқының саны

	казактар	өзбектер	орыстар	өзербайжандар	тәжіктер	татарлар
Облыс бойынша	1483005	268145	153798	27081	24371	22469
Шымкент к.э.	279436	74185	110929	9799	499	12021
Арыс к.э.	58516	288	2295	155	2	469
Кентау к.э.	51892	19720	5310	514	13	1797
Түркістан к.э.	95835	81032	1293	504	149	961
Бәйдібек ауданы	51446	31	101	94	0	75
Қазығұрт ауданы	88890	4849	0	3	1	241
Мақтаарал ауданы	209834	9738	5837	3151	17295	1918
Ордабасы ауданы	78390	32	1225	1398	9	208
Отырар ауданы	55007	3	52	9	0	17
Сайрам ауданы	60199	147394	6114	2673	88	1206
Сарыағаш ауданы	196917	9299	2589	2697	6198	2074
Созак ауданы	45134	3165	1015	127	4	63
Төлеби ауданы	73493	14354	8009	2277	14	738
Түлкібас ауданы	71348	4010	6866	3634	16	355
Шардара ауданы	66668	45	2163	46	83	326

	түріктер	украиндар	кәрістер	күрдтер	немістер	басқа ұлттар
Облыс бойынша	19882	10139	9997	7382	3844	20143
Шымкент қ.ә.	1728	6772	6836	905	1610	8390
Арыс қ.ә.	5	36	9	0	14	330
Кентау қ.ә.	88	280	101	7	60	732
Түркістан қ.ә.	1029	10	25	3	3	441
Бәйдібек ауданы	0	12	0	607	2	49
Қазығұрт ауданы	22	0	0	21	56	350
Мақтаарал ауданы	1247	446	1829	0	734	2309
Ордабасы ауданы	81	76	41	1079	29	751
Отырар ауданы	0	5	0	0	0	102
Сайрам ауданы	7674	627	422	1670	241	1464
Сарыағаш ауданы	2842	279	374	244	341	2874
Созак ауданы	2	69	16	0	18	167
Төлеби ауданы	3346	529	87	2841	234	1299
Түлкібас ауданы	1817	886	93	4	437	561
Шардара ауданы	1	112	164	1	65	324

Әдебиет

1. Бизнес-книга Казахстана. Выпуск № 2. – Алматы, 2002.
2. Оңтүстік Қазақстан облысының 1993-2003 жылдардағы демографиялық потенциалы.-Шымкент, 2004.
3. Оңтүстік Қазақстан облысының статистика басқармасы.- Шымкент, 2004.

Резюме

В этой статье был рассмотрен демографический потенциал Южно-Казахстанской области в данное время и его развитие.

Summary

In this article the demographic potential of the Southern - Kazakhstan area at present and its development has been considered.